

Өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлерін аттестаттау қағидаларын бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 мамырдағы № 634 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 20 ақпандағы № 71 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 20.02.2020 № 71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 5-бабының 18-5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлерін аттестаттау қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 17 мамырдағы
№ 634 қаулысымен
бекітілген

Өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлерін аттестаттау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлерін аттестаттау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 5-бабының 18-5) тармақшасына сәйкес әзірленген, ветеринариялық анықтама беру үшін жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлерін аттестаттау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлерін аттестаттау – өндірістік бақылау бөлімшелері ветеринариялық дәрігерлерінің Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген талаптарға сәйкестігін айқындауға уәкілетті орган ауық-ауық жүргізетін рәсім;

2) тестілеу – тестілік тапсырмаларды пайдалана отырып жүргізілетін аттестатталушының теориялық білімін және практикалық дағдыларын тексеру нысаны;

3) ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ведомствосы (бұдан әрі – уәкілетті органның ведомствосы) – мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның комитеті;

4) уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – аумақтық бөлімшелер) – ведомствоның тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде орналасқан аумақтық бөлімшелері (облыс, аудан, облыстық немесе республикалық маңызы бар қала, астана);

5) өндірістік бақылау бөлімшелері – жануарларды союды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінің әкімшілігі құрған жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі бөлімшелер.

3. Өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлерін (бұдан әрі – ветеринариялық дәрігерлер) аттестаттауды тиісті аумақтық бөлімшелер құрған аттестаттау комиссиялары (бұдан әрі – Комиссия) жүргізеді.

Ветеринариялық дәрігерлер осы қызметпен айналысудың әрбір үш жылы өткеннен кейін міндетті аттестаттаудан өтеді.

Аттестаттаудан өткен ветеринариялық дәрігерлер жануарлар союды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын басқа өндіріс объектісінің өндірістік бақылау бөлімшесіне мамандығы бойынша ауысқан кезде оның аттестаттау қорытындысы үш жыл ішінде жарамды болады.

Аттестаттаудан өткен ветеринариялық дәрігерлер жұмыстан босатылған немесе жануарларды союды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын басқа өндіріс объектісінің өндірістік бақылау бөлімшесіне ауысқан кезде объектінің басшысы тиісті аумақтық бөлімшені үш жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

2. Аттестаттауды өткізу тәртібі

4. Аттестаттауды дайындауды және өткізуді аумақтық бөлімшелер ұйымдастырады және ол мынадай іс-шараларды қамтиды:

- 1) аттестаттауды өткізу үшін қажетті құжаттарды дайындау;
- 2) аттестаттауды өткізу кестелерін әзірлеу және бекіту;
- 3) Комиссияның құрамын айқындау;
- 4) аттестаттауды өткізу мақсаттары мен тәртібі туралы түсіндіру жұмысын ұйымдастыру;
- 5) аттестаттауды өткізу басталғанға дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей ветеринариялық дәрігерлерге оны өткізу мерзімі туралы жазбаша хабарлау;

б) аттестаттауға жататын тұлғалардың құжаттарын қабылдауды және талдауды жүзеге асыру;

- 7) ветеринариялық дәрігерлерді тестілеу;
- 8) Комиссияның шешімін шығару;
- 9) аттестатталған ветеринариялық дәрігерді жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындайтын және ветеринариялық анықтама беретін ветеринариялық дәрігерлер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) енгізу.

5. Аумақтық бөлімшенің басшысы Комиссияның төрағасы болып табылады және аттестаттауға жататын тұлғалардың тізімін, тестілеу сұрақтарын бекітеді, аттестаттауды өткізу мерзімін және Комиссияның құрамын, сондай-ақ оның жұмыс кестесін белгілейді.

Комиссия кемінде бес адам болатын мүшелерден және комиссия хатшысынан құралады. Хатшы Комиссия мүшесі болып табылмайды. Комиссияның мүшелері жоғары ветеринариялық білімі, кемінде бес жыл практикалық жұмыс өтілі бар тұлғалар болып табылады.

Комиссия құрамына аумақтық бөлімшелердің мамандары, келісім бойынша жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі – ЖАО) бөлімшесінің өкілдері кіреді.

Комиссия хатшысы аттестаттау басталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын ветеринариялық дәрігерлерге хабарлама жібереді.

6. Ветеринариялық дәрігерлер хабарлама алған сәттен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей Комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) жеке куәліктің, білімі туралы дипломның көшірмесі;
- 2) соңғы 3 жылда біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификаттың көшірмесі (болған жағдайда);
- 3) ғылыми дәрежесінің, атағының бар болуы туралы куәліктердің көшірмелері (болған жағдайда).

7. Тестілеу қағаз тасығышта тест сұрақтарын қолдана отырып жүргізіледі (1 сұрақ 1 баллға теңестіріледі, барлығы 100 сұрақ).

8. Тест тапсырмаларын орындауға берілетін жалпы уақыт 90 минут құрайды.
9. Комиссия тестілеу нәтижелерін есептеуді дұрыс жауаптар кодтарын пайдалана отырып өткізеді.
10. Сұрақтардың жалпы санына қатысты дұрыс жауаптардан 70%-дан кемін алған кезде тестілеу нәтижесі теріс деп саналады.
11. Есептеу қорытындыларын шығару аяқталғаннан кейін ветеринариялық дәрігерлерге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеудің нәтижелері беріледі.
12. Комиссия тестілеу нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:
- 1) аттестатталды;
 - 2) аттестатталған жоқ.
13. Комиссияның шешімі отырыс хаттамасымен ресімделеді, оған отырысқа қатысқан Комиссияның төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.
14. Ветеринариялық дәрігер Комиссияның шешімімен тестілеу өткен күні танысады.
15. Комиссияның бекітілген шешімдері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттау парақтарына енгізіледі, олар аттестаттау аяқталғаннан кейін ветеринариялық дәрігерлерге беріледі.
- Аттестаттау парағы, тестілеу нәтижелері, Комиссия отырысының хаттамасы үш жыл ішінде аттестаттауды өткізген органда сақталады.
16. Аттестатталған ветеринариялық дәрігерлер осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тізілімге енгізіледі.
17. Бастапқы тестілеу нәтижелері бойынша аттестатталмаған ветеринариялық дәрігерлер осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен Комиссияның шешімімен танысқан күнінен бастап келесі тестілеуге бір айдан кейін, қайта тестілеуге – алты айдан кейін жіберіледі.
18. Аумақтық бөлімше үш жұмыс күні ішінде өзгерістердің қалыптастырылу және енгізілу шамасына қарай тізілімді жоғары тұрған аумақтық бөлімшеге және ЖАО бөлімшелеріне ұсынады.

3. Комиссияның шешімдеріне шағымдану

19. Комиссияның іс-әрекеті мен шешімдеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға болады.

Өндірістік бақылау бөлімшелерінің
ветеринариялық дәрігерлерін
аттестаттау қағидаларына
1-қосымша

Тестілеу нәтижелері

1. Тегі, аты, әкесінің аты: _____
2. Білімі: _____
3. Туған күні: _____
4. Жынысы: _____
5. Ұлты: _____
6. Тестілеу өтетін орын: _____

Р/с №	Тестідегі сұрақтардың саны	Дұрыс жауаптардың саны	Өту пайызы	Нәтиже

Комиссия төрағасы _____

Комиссия хатшысы _____

Комиссия мүшелері: _____

Тестілеу өткізілген күн 20 ____ жылғы " ____ " _____

Тестілеудің нәтижелерімен таныстым _____

(қолы және күні)

М.О.

Өндірістік бақылау бөлімшелерінің
ветеринариялық дәрігерлерін
аттестаттау қағидаларына
2-қосымша

Аттестаттау парағы

Аттестатталатын адамның тегі, аты, әкесінің аты _____

Туған күні _____

Білімі туралы мәліметтер _____

Біліктілігін арттыру туралы мәліметтер (соңғы 3 жылдағы) _____

Жалпы еңбек өтілі _____
Мамандығы бойынша жұмыс өтілі _____

Біліктілік санатын беру туралы маман сертификатының болуы немесе болмауы _____

Тестілеу нәтижелері _____ %
Отырысқа Комиссияның _____ мүшесі қатысты
Дауыстар саны:
_____ "иә" деп дауыс берді
_____ "қарсы" деп дауыс берді
_____ "дауыс беруден қалыс қалғандар"
Комиссия шешімі _____

Комиссия төрағасы _____

Комиссия хатшысы _____

Комиссия мүшелері: _____

Аттестаттаудың өткізілу күні 20____ жылғы " __ " _____
Аттестаттау парағымен таныстым _____
(қолы және күні)
М.О.

Өндірістік бақылау бөлімшелерінің
ветеринариялық дәрігерлерін
аттестаттау қағидаларына
3-қосымша

Өндірістік бақылау бөлімшелерінің аттестатталған ветеринариялық дәрігерлерінің тізілімі

Р/с №	Аттестатталған ветеринариялық дәрігердің тегі, аты, әкесінің аты, ЖСН	Заңды тұлғаның толық атауы, БСН	Өндірістік бақылау бөлімшесінің орналасқан орны	Аттестаттаудан өту күні
1	2	3	4	5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК